

"Мемлекеттік бағдарламаларға, орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына, аумақтарды дамыту бағдарламаларына және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың стратегиялық жоспарларына бағалау жүргізу ережесін бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2010 жылғы 1 шілдедегі қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2013 жылғы 20 ақпандағы № 10-П қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 11 наурызда № 8373 тіркелді. Күші жойылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының 2015 жылғы 30 қарашадағы № 16-НҚ нормативтік қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының 30.11.2015 № 16-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы № 931 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарын, Елдің аумақтық-кеңістік дамуының болжамды схемасын, мемлекеттік бағдарламаларды , аумақтарды дамыту бағдарламаларын, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын әзірлеу, іске асыру, мониторинг, бағалау және бақылау жүргізу ережелерінің 39-тармағына сәйкес Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мемлекеттік бағдарламаларға, орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына, аумақтарды дамыту бағдарламаларына және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың стратегиялық жоспарларына бағалау жүргізу ережесін бекіту туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2010 жылғы 1 шілдедегі № 17-қ қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6371 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2010 жылғы 24 тамызда № 342-343 (26186), 2011 жылғы 24 қыркүйекте № 453-456 (26849) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік бағдарламаларға, орталық

мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына, аумақтарды дамыту бағдарламаларына және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың стратегиялық жоспарларына бағалау жүргізу ережесінде:

6, 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Шеңберінде бағалау жүзеге асырылатын бақылау іс-шаралары (бұдан әрі – бақылау іс-шаралары) Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 7 сәуірдегі № 788 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарына, Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 141-бабының 19) тармақшасына сәйкес Есеп комитетінің нормативтік қаулысымен бекітілетін Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу ережесіне (бұдан әрі – Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу ережесі) және осы Ережеге с ә й к е с ж ү р г і з і л е д і .

7. Бағалау тікелей бақылау объектілерінде бақылау іс-шараларын жүргізу жолымен де, әрі жиналған ақпарат негізінде де жүзеге асырылады. Бағалау бағдарламалардың (стратегиялық жоспардың) іске асырылу кезеңі ішінде ж ү р г і з і л е д і . » ;

9, 10, 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Бағдарламаларды (стратегиялық жоспарларды) бағалау бойынша бақылауды жоспарлау Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу ережесіне сәйкес жүзеге асырылады және нәтижеге қол жеткізу мақсатында бақылау объектісін алдын ала зерделеуден, бақылау жоспарын жасаудан және бақылау бағдарламасын бекітуден тұрады.

10. Алдын ала зерделеу бағдарламаларды (стратегиялық жоспарларды), олардың іске асырылуын регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді, бағдарламалардың (стратегиялық жоспарлардың) іске асырылуы туралы мемлекеттік органдардың есептерін, қаржылық, бухгалтерлік есептілік құжаттарын, ресми статистикалық ақпаратты және бақылау объектісінің қызметі туралы өзге де ақпаратты жинау, талдау және зерделеу жолымен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

11. Алдын ала зерделеу процесінде бағалау жүргізуге қажетті ақпарат көздері айқындалады, бақылаудың үлгісі, түрі және объектілері, бақылау іс-шарасын жүргізуге қажетті ресурстардың көлемдері нақтыланады, бақылау мәселелері қалыптастырылады. Тиімділікті бақылаудың үлгісі бойынша бағдарламалардың (стратегиялық жоспарлардың) іске асырылуына бағалау жүргізу кезінде бағалаудың тиісті өлшемдері әзірленеді.»;

13, 14, 15-тармақтар алынып тасталсын;

16, 17, 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Бақылау объектісін алдын ала зерделеудің негізінде Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу ережесінің талаптарына сәйкес бақылаудың

жоспары жасалады, бақылау бағдарламасы және жұмыс жоспарлары әзірленеді.

17. Бақылау жоспарын бақылау жүргізуге жауапты Есеп комитеті (тексеру комиссиясы) мүшесінің ұсынысы бойынша Есеп комитетінің (тексеру комиссиясының) Төрағасы бекітеді.

18. Бақылау бағдарламасы бақылауды тиімді жүргізуге қажетті және тікелей оның процесін айқындайтын егжей-тегжейлі әзірленген құжат болып табылады.

Бақылау бағдарламасы әрбір жеке бағдарламаның (стратегиялық жоспардың) өзіндік ерекшелігі ескеріле отырып әзірленеді.»;
мынадай мазмұндағы 18-1-тармақпен толықтырылсын:

«18-1. Жұмыс жоспарлары нақты бағдарламалық мәселелерді, оларды әрбір бақылау объектісінде қараудың дәйектілігі мен мерзімін көрсете отырып, бақылау іс-шарасын жүргізуге қатысатын Есеп комитетінің әрбір қызметкеріне ж е к е ж а с а л а д ы . » ;

19, 20-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Бақылау бағдарламасында бақылаудың мақсатына қарай бағалаудың мынадай түрлері қарастырылады:

1) бағдарламаның (стратегиялық жоспардың) іске асырылуы.

Бағалаудың бұл түрі бағдарламаның (стратегиялық жоспардың) іске асырылуы барысында бағдарламаға (стратегиялық жоспарға) енгізілген бағыттардың, мақсаттардың, міндеттер мен іс-шаралардың іске асырылу кезеңдері мен рәсімдерін, ресурстарды басқарудың үнемділігі мен тиімділігін талдау, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің артықшылықтары мен кемшіліктеріне қатысты алушылардың пікірін зерделеу, сондай-ақ мемлекет қаражаты мен активтерінің пайдаланылу сәйкестігіне бақылау жүргізу арқылы ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы ;

2) бағдарламаның (стратегиялық жоспардың) нәтижелері мен тиімділігі.

Бағалаудың бұл түрі бағдарламаны (стратегиялық жоспарды) іске асыру аяқталғаннан кейін оны орындаудың аралық нәтижелерін ескере отырып тиімділік бақылауын жүргізу арқылы жүргізіледі.

20. Бағдарламалардың (стратегиялық жоспарлардың) іске асырылуын бағалау бойынша тиімділікті бақылаудың бағдарламасын жасау кезінде бағалаудың өлшемдер негізінде жүзеге асырылатынын басшылыққа алу қажет.»;

21-тармақтың 1), 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) бағдарламаның стратегиялық мақсаттарына, міндеттеріне, нысаналы индикаторларына және іске асырылу нәтижелерінің көрсеткіштеріне қол жеткізу.

Бағалаудың бұл түрі мыналарды болжайды:

бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуын және/немесе орындалмауын және орындалмау себептерін, орындалмаған іс-шаралардың стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуіне, елдің,

өңірдің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси жағдайына ықпалын
айқындауды;

бағдарлама үйлестірушісінің мемлекеттік органдар - бірлесіп
орындаушылармен өзара іс-қимыл деңгейін және олардың әрқайсысының
жауапкершілік шамасын айқындауды;

жоспардан тыс іс-шараларды анықтауды, бұл ретте, егер жоспарланбаған
іс-шаралардың орындалуы қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етсе,
оны орындай деп таниды;

жоспарланған және нақты қол жеткізілген мақсаттарды, міндеттерді,
нысаналы индикаторларды, нәтижелердің көрсеткіштерін, сондай-ақ оларға қол
жеткізілмеу себептерін айқындауды;

бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының оның
мақсаттарына, міндеттері мен көрсеткіштеріне сәйкестігін айқындауды;

экономиканың немесе экономиканың жеке бір саласының, әлеуметтік
саланың, мемлекеттік басқарудың басқа салаларының дамуына мемлекеттік
орган қызметінің тигізген әсерін кешенді және объективті талдау;

2) бағдарламаны іске асырудың тиімділігі.

Бұл өлшем жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған бюджет
шығындарын (пайдаланылмаған, тиімсіз пайдаланылған немесе қысқартылған
қаражатты анықтау, алынған нәтижені және оған қол жеткізуге кеткен шығындар
жиынтығын салыстыру), шешілуіне құжат бағытталған елдің
әлеуметтік-экономикалық дамуына, тікелей саланың (аяның) жай-күйіне
бағдарламаны іске асырудың тигізген әсерін бағалау үшін пайдаланылады;

3) қоғамның қанағаттанушылығы.

Осы өлшем шеңберінде тұтынушылардың бағдарлама нәтижелерінен және
көрсетілген мемлекеттік қызметтерден қанағаттанушылық деңгейі бойынша
олардың пікірі талданады.

Қоғамның қанағаттанушылық деңгейін айқындау кезінде ресми
статистикалық ақпаратты, ғылыми-зерттеу институттарының, үкіметтік емес
ұйымдардың (қоғамдық бірлестіктердің) ақпаратын, сондай-ақ бағдарламаның
іс-шараларын іске асыру шеңберінде Есеп комитеті (тексеру комиссиясы)
қызметкерлерінің көрсетілген мемлекеттік қызметтердің сапасы, толықтығы мен
қол жетімділігі туралы тұтынушыларға сауалнама (сұхбат) ұйымдастыру
жолымен алған деректерін, егер сауалнама (сұхбат) жүргізу бақылау
бағдарламасында көзделген болса пайдалануға болады;»;

2 2 - т а р м а қ т а :

1) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«нысаналы индикаторлардың нақты шамаларын жоспарланған шамаларымен
салыстыру жолымен оларға қол жеткізу;»;

3) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«Осы өлшем 21-тармақтың 3) тармақшасына сәйкес айқындалады;»;

4) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«Бұл өлшем жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған бюджет шығындарын (пайдаланылмаған, тиімсіз пайдаланылған немесе қысқартылған қаражатты анықтау, алынған нәтижені және оған қол жеткізуге кеткен шығындар жиынтығын салыстыру), сондай-ақ стратегиялық жоспарды іске асырудың басқарылуын ұйымдастыруды бағалау үшін пайдаланылады.»;
23-тармақ алынып тасталсын;

25-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«25. Негізінде бағалаудың тұжырымдары қалыптастырылатын объективті және шынайы деректерді ұсыну мақсатында дәлелдер бақылау объектісінде жиналатын ақпарат негізінде қалыптасады.»;

26-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«7) халық арасында жүргізілген сауалнаманың және басқа да зерттеулердің, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар жүргізген зерттеулердің нәтижелері.»;
28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«28. Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік бағдарламаларды бағалау кезінде Есеп комитеті және тексеру комиссиялары келісім бойынша бірлескен бақылау қызметін жүзеге асырады.»;

31-тармақтың 6) тармақшасы алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 31-1-тармақпен толықтырылсын:
«31-1. Бағдарламаны (стратегиялық жоспарды) бағалаудың нәтижелеріне қарай қорытындыда бағдарламаның (стратегиялық жоспардың) құжаттарын түзету, қаржыландыру көлемі мен көздері, оның ішінде бағдарламаның (стратегиялық жоспардың) ресурстарын оңтайландыру және қайта бөлу, орталық мемлекеттік және атқарушы органдардың қызметін жетілдіру, қолданыстағы заңнаманы өзгерту бойынша ұсыныстар қалыптастырылады.»;

32, 33-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
«32. Бағалау нәтижелері қаралғаннан кейін Есеп комитеті (тексеру комиссиясы) қаулы (ұсыным) қабылдайды, ол:

1) анықталған кемшіліктердің, бұзушылықтардың немесе проблемалардың болу себептерін жоюға бағытталады;

2) анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды жою бойынша нақты шаралар қолдануға бағытталады;

3) орындалады;

4) экономикалық жағынан тиімді болады;

5) олардың орындалуынан нәтижелер алуға бағдарланады.

33. Есеп комитетінің (тексеру комиссиясының) бақылау актісі, қорытындысы

және қаулысы (ұсынымы) Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу ережесінің талаптарына сәйкес ресімделеді.»;

34, 35, 36, 37 және 37-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«34. Есеп комитетінің мемлекеттік бағдарламаға жүргізген бағалауының қорытындысы Есеп комитетінің тиісті қаулысына қол қойылған күнінен бастап жеті жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға, мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органға жіберіледі.

35. Тексеру комиссиясының аумақтарды дамыту бағдарламасына жүргізген бағалауының қорытындысы тексеру комиссиясының тиісті қаулысына қол қойылған күнінен бастап жеті жұмыс күні ішінде әкімдікке және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға жіберіледі.

36. Есеп комитетінің стратегиялық жоспарларға жүргізген бағалауының қорытындысы Есеп комитетінің тиісті қаулысына қол қойылған күнінен бастап жеті жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, стратегиялық жоспарларға бағалау жүргізуге уәкілетті органдарға жіберіледі.

37. Тексеру комиссиясының жергілікті атқарушы органдардың стратегиялық жоспарларына жүргізген бағалауының қорытындысы тексеру комиссиясының тиісті қаулысына қол қойылған күнінен бастап жеті жұмыс күні ішінде стратегиялық жоспарларға бағалау жүргізуге уәкілетті органдарға және әкімдікке жіберіледі.

37-1. Есеп комитетінің және тексеру комиссиясының мемлекеттік бағдарламаға, аумақтарды дамыту бағдарламасына, сондай-ақ орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың стратегиялық жоспарларына жүргізген бағалауының қорытындысы осы Ережеге 1, 2-қосымшаларға сай нысандар бойынша ресімделеді.»;

Ережеге 1-қосымшада тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік бағдарламаны/аумақтарды дамыту бағдарламасын бағалаудың қорытындысы туралы жіберілетін ақпараттың нысаны»;

Ережеге 2-қосымшада тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік органның стратегиялық жоспарын бағалаудың қорытындысы туралы жіберілетін ақпараттың нысаны».

2. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің аппарат басшысы (В.В. Супрун) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы қаулының мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

А. Мусин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК